

для данной ситуации речи. Фразеологизмы, имеющие одно и то же значение, могут быть использованы в разных ситуациях. Подавляющее большинство фразеологизмов второго разряда содержит в себе образы. Эти фразеологизмы, как правило, не нейтральны, а имеют стилистическую окраску - разговорную или книжную. Они по большей части не только обозначают определенное явление действительности, но и характеризуют его, дают ему определенную оценку.

### **Заключение**

Фразеологический фонд английского языка настолько велик, что полное его исследование не уместилось бы в рамки данной работы. Тем не менее, на примере рассмотренных фразеологизмов можно отчетливо представить насколько разнообразны по своей семантике и выразительности ФЕ современного английского языка. Благодаря литературным произведениям писателей и поэтов, как самой Великобритании, так и разных стран мира, английский язык в настоящее время насчитывает огромное количество фразеологизмов. Но, не следует забывать и о том, что из истории и культуры различных стран мира в английский язык также пришло огромное количество фразеологизмов.

### **Литература**

1. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. — Л., 1963
2. Кунин А.В. Фразеология современного английского языка. — М., 1972 г.
3. Mieder, Wolfgang. 1971. "Behold the Proverbs of a People": A Florilegium of Proverbs in Carl Sandburg's Poem Good Morning, America." Southern Folklore Quarterly 35: 160–168.
4. "A Sampler of Anglo-American Proverb Poetry." Folklore Forum 1980, p. 39–53.
5. 41. Каиргалиева Б.Ж. Фразеологизмы. // Білім кілті – Ключ знаний. - № 8 (август). – 2011. С. 10-11.

**ӘӨЖ: 811.512.122:37,091**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ҮЛГІСІ**

**Қуанышбаева Әйгерім, Сулейман Демирель университеті**

### **Түйін**

Бұл мақалада тест және оның шығу тарихы, түрлері мен формасы туралы мәліметтер қамтылған. Тест тапсырмаларының қолданылатын салалары мен тіл біліміне келуі туралы айтылады. Тіл білімін оқытуда, бақылау мен тексеруде қолданылып жүрген тест тапсырмаларының артықшылықтары мен кемшіліктері сөз болады. Тестілердің басқа да түрлері көрсетіліп, тәжірибеде пайдалану ұсынылады.

### **Аннотация**

В этой статье затрагивается тема теста и его генезиса, виды и формы. Сферы использования тестов и их развитие в языкознание. Употребление в обучение языкознания, а так же использование тестов в контрольных работах, их проверка, положительные и отрицательные качества тестов. Показаны различные виды тестов, и их использование на практике.

### **Annotation**

This article consists of test and its history, also there are information about types and forms of test. The article is about departments that are used and arising to linguistic. Benefits and weaknesses of test activities are shown during the teaching linguistic. It offers to other kinds of tests and experience.

Тестілеу – техника, медицина, педагогика, психология сияқты көптеген ғылым салаларында қолданылатын тексерудің бір түрі. Психологияда «стандартқа сәйкес тапсырмаларды орындау қорытындысы бойынша сыналушының психофизиологиялық және өзіндік мінездемелерін өлшеу» дегенді білдірсе, педагогикада тест – (ағылшын тілінен *test* – байқау, зерттеу, сынау) білім, білік, дағдыны бақылаудың немесе меңгерілген білімнің белгілі бір қасиетін айқын әрі сапалы түрде анықтаудың ерекше түрі.

Қазіргі таңдағы білім жүйесінде белсенді қолданылып жүрген тестілеу әдісінің тарихы ерте заманнан басталады. Ежелгі Грецияда білім алушылардың білім деңгейін бағалауда, ақыл-ой өрісінің дамуын және дене еңбегіне қабілеттілігін бақылауда әртүрлі сынақтар қолданылған. Б.з.д. VI ғасырларда Қытайда мемлекеттік қызметке қабылданушы үміткерлердің зеректілік деңгейін бағалайтын алғашқы тесттер пайда болған, көне Вавилонда мектеп бітірушілердің сауаттылығын анықтайтын арнайы байқау жүйесі орын алған. /1, 97 б/.

Орта ғасырларда білім деңгейін бағалау ауызша сұрақ-жауап ретінде немесе жазбаша түрде жүзеге асқан. Алғаш рет 1884 жылы АҚШ-та тест материалдары қамтылған сынақ кітабы шығарылды. Оның негізгі мазмұны математика, тарих, грамматика пәндерінен жинақталды және бес көрсеткіш жауаптан тұрған. Бұл педагогика саласындағы білім деңгейін анықтаудың алғашқы жетістігі болды.

Білім беру үрдісінде 1892 жылдан бастап Френсис Гальтон тарапынан мектеп тәжірибесіндегі тестілер қолданыла бастады. Алғаш рет 1894 жылы мектептерде үлгерім тестілері жүргізілді. Америкалық В.А. Макколл тестілерді педагогикалық (Educational Test) және психологиялық (Intelligence Test) деп екіге бөлді. Америка мектептерінде тестілеудің тәжірибеге ену кезеңдерін ол былайша көрсетеді:

1. Зерттеу кезеңінде (1910-1915) француз ғалымы А.Бинэ ұсынған түйсік, жад, зейінді тексеру тестерінің алғашқы үлгілері қарастырылды. Ақыл-ой дамуының коэффициентін анықтауға жол ашатын зияткерлік тест түрлерін тексеру, қайта өңдеу жұмыстары жүргізілді.

2. Келесі 15 жыл – мектептегі тестілеуді дамытудағы «шулы» жылдар, тестердің рөлі мен орны, мүмкіндіктері мен шектеулерін нақты негіздеу жылдары. Арифметика бойынша О.Стоунның, емле ережелеріне байланысты Б.Зекингемнің, көптеген мектеп пәндерін тексеруге арналған Э.Торндайктың тестілері жасалды.

3. 1931 жылдан бастап мектептегі тестілеудің заманауи сатысы басталады. Бұл кезеңдегі жұмыстар мамандарды іздестіруге, тест тұрақтылығын арттыруға, бір идея мен жалпы ұстанымдарға бағынатын, әлдеқайда жетілген түрдегі, үздіксіз тестілеу жүйесін қалыптастыруға бағытталды/4/.

Кенес одағының құрылуы тұсында Вальдорф мектебі, Монтессори мектебі, Дальтон жоспары және тестілеу жүйесі сияқты оқу жетістіктерін бағалайтын жаңа үлгілер бағыт алды. 1933 жылы Кеңес одағының тарихында бірінші рет барлық мектеп оқушыларының білім деңгейін анықтау үшін сынақтан өту туралы шешім қабылданды.

XIX ғасырда психология саласында үлкен жаңалықтар болды. Тестік бақылаудың негізін салушы, белгілі ағылшын ғалымы Френсис Гальтон өзінің зертханасында 1884-85 жылдары 5-80 жас аралығындағы адамдардың физиологиялық және психикалық ауытқуларын тексеру үшін 9337 адамды тестілеуден өткізген. Бұдан соң 1890 жылы психологиялық әдебиеттерде бірінші болып «ақыл-ой тесті», «интеллектуалдық тест» терминдерін енгізген Джеймс Маккин Кэттел болды. Педагогикада Макколл педагогикалық тестілердің қолдану мақсатын айқындаса, педагогикалық өлшемдердің негізін қалаушы америкалық психолог Э. Торндайк (1874—1949) болып табылады. Э. Торндайктың 1904 жылы «Введение в теорию психологии и социальных измерений» атты кітабы шықты.

Бірақ ғалымдардың тестілеу жүйесімен айналысуына 1936 жылы «тест – буржуазиялық қалдықтар» деп аталып тыйым салынды. Осы жылдан кейін тек 1978 жылы совет ғалымы Аванесов В.С. «Психологиялық тестілердің мәселелері» деген еңбегін жазды. /2/

Тест туралы анықтамалар көп. Бұл салада еңбек етіп жүрген ғалымдардың тұжырымдамаларын (И.А.Цатурова (1971), С.И.Воскерчян (1963), Э.Э.Штульман (1972),

И.А.Рапопорт (1987), В.А.Коккота (1989), В.А.Аванесов (2002) жинақтай келе, тестілеу процесінің мынадай ерекшеліктерін атауға болады:

- белгілі ережелерге сәйкестігі;
- тестіні тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін ерекше сапалары;
- қарапайымдылығы, эталоны болуы;
- тестілеу барысындағы қатаң уақыт аралығы;
- нәтиженің тексерушілердің жеке пайымдауларынан тәуелсіздігі;
- тестілеу нәтижесін сандық есептеулер мен статистикалық өңдеу мүмкіндігі;
- тестіні жетілдіру, жақсартудағы арнайы іс-әрекет және алдын ала тәжірибелік тексеру.

Әлемдік білім жүйесінде тестік тапсырмалар арқылы білім сапасы мен деңгейін тексеру жоғары технологиялар қатарына жатқызылады. Тестілеу әдісі қазіргі білімнің ажырамас бөлігіне айналған. Білімгерлердің дайындық деңгейін және жалпы білім сапасын болжаудың тиімді құралы ретінде қолданылып келеді. Педагогикада тестік әдістің пайдалы тұстары өте көп. Атап айтар болсақ, бақылау тесті бір-бірімен байланысты үш функцияны орындайды: біріншісі – диагностикалық функция (оқушының білім деңгейін, тілдік бірліктерді қалай меңгергенін анықтайды, объективтілігі жағынан тест педагогикада үлкен орын алады); екіншісі – оқыту функциясы (оқушылардың оқу материалдарын меңгеруге деген белсенділігін арттырады); үшіншісі – тәрбиелік функциясы (оқушылардың есте сақтау, қайталау, белгілі уақытта оқып үлгеру қасиеттерін тәрбиелейді және тестілерді талдау кезінде оқушы өз біліміне сын көзбен қарауды үйренеді).

#### **Тіл білімінде қолданылып жүрген тест тапсырмаларының түрлері.**

Тестілерді белгілеріне қарай түрліше жіктеуге болады.

Негізгісі – тест тапсырмаларын мақсатына қарай жіктеу:

- ақыл-ой қабілетін, дамуын тестілеу;
- арнайы қабілетті тестілеу;
- үлгерімді анықтауға бағытталған тестілер;
- жеке сапаларды (есті, ойлауды, мінезді) анықтауға арналған тестілер.

Тестілер формаға, мазмұнға, мақсатқа байланысты бірнеше негізде жүйеленеді.

#### **Формасына қарай:**

• жеке немесе топтық тестілер. Топтық тестінің жетістігі бір уақытта көп адамды қамтуында. Кемшілігі – тест тапсырушының жағдайын, мінез-құлқын білуде, яғни тікелей қарым-қатынас орнатуда қиындық тудырады.

- ауызша немесе жазбаша

• бланкалық (қарындаш, қалам және қағаз арқылы) және техникалық құралдар көмегімен атқарылатын.

#### **Мазмұнына қарай:**

• Интеллектуалдық (топтық немесе жеке тұлғаның қандай да бір тапсырманы орындау мүмкіндігін бақылау);

- Оқыту тестілері (оқу пәндеріне бейімділік, білімді тексеру, т.б. қарастырылады)

Ал тіл біліміндегі тестік тапсырмалардың ең танымал түрлері **ашық** және **жабық** тест тапсырмалары.

• Ашық тест тапсырмаларында дайын жауап нұсқалары берілмейді. Оқушы қажетті жауапты, тұжырымдаманы өзі тауып жазады. Егер пікір ақиқат болса, жауап дұрыс, ал пікір жалған болса жауап қате болғаны.

• Жабық тест тапсырмалары - күнделікті қолданыстағы дұрыс жауап нұсқалары берілетін тестілер. Оқытушылар өз жұмыстарында жабық тест түрін жиі қолданады.

Оқу үрдісінде оқушы білімін бекіту, қайталау, алған білімді жүйелеу және бақылау мақсатында пайдалануға болатын тестің бірнеше түрлері бар:

1. **Таңдамалылық тесті:** оқушыларға берілген тапсырмамен қоса оның дұрыс және дұрыс емес жауаптары беріледі. Тапсырма карточкалар арқылы таратылады, берілетін жауаптар саны төртеуден кем болмағаны жөн.

2. **Еске түсіру тесті:** сұрақ нақты, анық қойылады, ал жауабы сөз, сан, формула т.б. түрде болжамдап берілуі мүмкін.

3. **Сәйкестендіру тесті:** мағынасы бір бірімен байланысты тапсырмалардың екі бағанға әр түрлі ретпен орналастырылуы. Мұндай тесті жасауда бірінші бағанда қысқа тұжырымды сөйлем болса, екінші бағанда сәйкес сөз, белгі, сызба болуы керек. Сөйлем саны 5-тен 15-ке дейін болса, екінші бағандағы сөз, белгі, сызба саны екі-үшеуден артық болғаны жөн.

4. **Аралас тесті:** оқушыға берілетін тапсырма әртүрлі тест түрінде (мысалы: толықтыру, таңдамалы т.б.) беріледі.

5. **Тура жауап тесті :** мұғалім тарапынан бір сұрақ – оқушы тарапынан бір жауап негізінде жүзеге асады, көп жағдайда әдебиет сабағында қолдануға болады.

6. **Ашық тест:** білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілетін толықтыруға талпынатын оқушыларға жүргізген тиімді.

Мысалы:

Тапсырма	Жауабы
1. Аралас құрмалас сөйлем деген не? Түрлері. Мысал жаз. 2. Шешендік сөздердің түрлері. Саған ұнайтын шешендік сөз. 3. «Асығы алшысынан түсті» деген тұрақты сөз тіркесін қалай түсінесің? 4. Жаксыз сөйлемнің баяндауышы қалай жасалады? Мысалмен дәлелде.	

7. **Анықтау тесті:** ережелерді есте сақтауы қиындық келтіретін оқушылармен жұмыс жүргізуде пайдаланған дұрыс.

Тапсырма	Жауабы
1. Сөз таптарын зерттейді. 2. Қазақ тілінде жуан дауысты дыбыс, жіңішке дауысты дыбыс, үнді дауыссыз болатын дыбыс. 3. Буын жасауға негіз болатын дыбыс. 4. Дефис арқылы жазылатын күрделі сөздер Үндестік заңына бағынбайтын септік	Морфология У  Дауысты Қос сөздер Көмектес

8. **Баламалылық тесті:** тестің бұл түрін жасауда жауабын білуге ықпал ететін сөзден аулақ болған жөн. Сөйлем қысқа тұжырымды, мазмұнды бір мәнді болғаны дұрыс. Тестің мұндай түрінің жауабы сөзбен (дұрыс, дұрыс емес) ия немесе жоқ, немесе +, – белгілері арқылы беріледі. Мұндай типтегі тестік тапсырманы графикалық диктант үлгісінде пайдалануға болады.

Мысалы:

Тапсырма	Жауабы
1. Қазақ әліпбиінде 42 әріп бар ма?	Иә
2. Сан есім қандай, қай деген сұраққа жауап бере ме?	Жоқ
3. Жуан сөздерге -лер, -дер, -тер көптік жалғауы жалғана ма?	Жоқ
4. Отан – атамекен деген сөздер антоним бола ма?	Жоқ
5. Бастауыш, баяндауыш тұрлаулы мүше ме?	Иә
6. Жаксыз сөйлемде бастауыш бола ма?	Жоқ
7. Атаулы сөйлем сөйлем мүшесіне талдана ма?	Жоқ

9. **Толықтыру тесті:** сөздерді жақсы есте сақтау үшін бастауыш сыныпта, ережені есте сақтау үшін жоғарғы сыныптарда жүргізу тиімді.

Мысалы:

Сабақтас құрмалас сөйлемнің ережесі.

*Қ...рам...нда...ы ал...аш...ы жай сө...лемн...ң баян...ау...ш... ти...на...сыз б...лып, е...іни...сі...е ба...ын... б...йлан...қан қ...рм...л...с с...йл...мн...ң т...рі сабақтас қ...рм...л...с с...й...ем деп аталады.*

7. *Сөз тіркесінің ережесі.*

*Ек... я б...рнеше с...зд...ң т...л...асы ж...не ма...ына жа...ынан б...р-бірім...н ба...ы...а байл...ныс...ы.*

Тестілеудің жоғарыда аталған түрлерімен қатар, қазақ тілін оқытуда қолданылып жүрген басқа да түрлері кездеседі. Солардың бірі - **грамматикалық тестілеу**. Бұл ең көп таралған тестілеу түрі. Грамматиканы тестілеу материалдары сөздік қорды, грамматиканы және айтылымды қамтиды. Студенттердің грамматикалық білімдерін оларды еш сөйлетпей-ақ, ешнәрсе жаздырмай-ақ тексеруге болады. Оған физикалық жауаптар арқылы немесе көзбен шолу арқылы да қол жеткізуге болады. Грамматикалық тестілеуде бастауыш деңгейдегі сыналушылардың грамматикасын бағалаудың, өлшеудің екі жолы көрсетіледі:

1. Жеке тестілеу;
2. Топпен тестілеу.

Жеке тестілеуде студентті ауызша сұрақтардың көмегімен тестілеуге болады. Ол сұрақтарға қарапайым, қысқа жауаптармен жауап беруге болады. Тілді мүлдем білмейтін студенттермен жұмыс істеу барысында біз олардың өз ана тілінде жауап беруіне рұқсат ете аламыз. Оқушыға таныс сөздік пен грамматикалық құрылымды қолданған жөн. Мысалы, «арасына» шылауын қалай түсінетінін тексеретін болсақ, онда студентке: «Қызыл алманы екі жасыл алманың арасына қой» ,- деп айтамыз. Егер студент «алма» және «қой» деген сөздерді білмесе, онда ол біз одан не талап етіп отырғанымызды түсінбейді. Оқушы сандарды, түстерді, сыныптағы заттарды жаттағанда, анағұрлым қиынырақ сұрақтарды қоя аламыз. Мысалы: «Сары алмалар қайда?», «Кітаптың қайсысы қызыл?»

Топпен тестілеуде физикалық жауаптарды пайдалана отырып студентті топпен де тестілей аламыз. «Суретті сал» деген тапсырманың көмегімен шылауларды білетінін тексеруге болады. Бірінші жаңа сөзді түсіндіреміз. Содан соң студенттен нұсқауға сүйене отырып сөзді салуын сұраймыз: «Қағаздың ортасына құсты салыңыз. Енді құстың астына үй салыңыз. Құстың үстіне күнді салыңыз».

Әр түрлі суреттерді пайдалана отырып, көмекші сөздерді білетіндігін тексеруге болады. Мысалы, «Машинаның жанында отырған баланы дөңгелектеніз» деп сұраймыз.

Тақырыптары ұқсас суреттер топтамасы арқылы грамматикалық құрылымды да тексеруге болады. Мысалы:

(Физикалық жауап): «Қонақ бөлмесі ас үй сияқты кең» деген сөйлемге сәйкес келетін суретті дөңгелектеңіз (А).

(Иә/Жоқ): «Суретке қараңыз (В). Ас үй қонақ бөлмесі сияқты кең бе?»

(Шын/Жалған) «Суретке қараңыз (С). Қонақ бөлмесі ас үйге қарағанда кең».

Оқытушының тестіні дұрыс ұйымдастыра білуі – көп жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру деңгейін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Сонымен қатар тестік тапсырмаларды мақсатқа сай деңгейлеп дайындайтын болсақ, онда тестілеуді тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, алған білімін бекіту және жүйелеудің тиімді құралы ретінде де пайдалануға болады. Сол үшін оқу үрдісінде тестілеудің тек бір формасын ғана емес, оның әртүрлі формаларын және типтерін пайдаланған жөн. Мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне, өзге ұлт өкілдеріне болсын қазақ тілін дамыта оқытуда тестік әдістердің түрлері жеткілікті. Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов былай деген екен «жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек».

Тест тапсырмаларының жоғарыда аталғандардан басқа тіл білімінде пайдалануға болатын төмендегідей түрлері ұсынылады:

- Ыңғайластықты орнату – сыналушы тізімдегі элементтерді анықталған ыңғайластық бойынша реттеу керек.

- Еркін мазмұндау – сыналушы өз еркімен жауап беруі керек, тапсырмада оған ешқандай шектеу қойылмайды.

- Резюме тест – оқығанын, естігенін, көргенін мазмұндау;

- Ситуациялық тест – жағдаятқа сай берілген тестіні орындау;

- Аудиоклоуз тесті – жетіспейтін буынды, сөзді, сөз тіркесін тиісті орнына қойып, сөйлемді не мәтінді толықтыру.

- Коммуникативтік тест – диалог, ситуация арқылы іске асады.

- Шолу тесті – оқу материалдарының барлығын қамтитын тест түрі;

- Үйретуші тест – лексика, грамматика, тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесімді тестілеу;

- Редакциялау тесті – берілген мәтінді сауатты толықтыру, аяқтау.

- Дискретті тест – әр тармағында ерекше бір фактіге назар аудартушы тест. Мысалы: етістіктің бір түріне, сөздіктегі бір сөзге;

- Гомогенді тестілер – оқушылардың дайындық деңгейін бір ғана пән бойынша анықтайтын, нақты құрылымға ие, қарапайымнан күрделіге қарай құрастырылған, сапалы да тиімді тестілеу жүйесі. Тестінің бұл түрі белгілі бір пән немесе оның бір бөлімі бойынша алған білімді тексеруде жиі қолданылады. Гомогенді тестілерде басқа қасиеттерді анықтауға бағытталған тапсырмаларды қосуға болмайды. Ондай жағдайда тестілеу тазалығына қойылған педагогикалық талапқа қайшы келеді.

- Гетерогенді тестілер – оқушының бірнеше пәндер бойынша дайындық деңгейін анықтайтын, нақты құрылымға ие, қарапайымнан күрделіге қарай құрастырылған, сапалы да тиімді тестілеу жүйесі. Тестінің бұл түрін психологиялық тапсырмаларды қоса отырып, тұлғаның интеллектуалды даму дәрежесін анықтауда пайдаланады. Гетерогенді тестілер мектеп бітірушілерді бағалау үшін кешенді бақылауда, жұмысқа қабылдау кезінде, ЖОО-на талапкерлерді іріктеу уақытында қолданылады.

- Лингводидактикалық тест – сыналушының тілдік, сөйлеу құзіреттіліктерін тексеру және белгілі бір сапалық көрсеткіштерін анықтау мақсатында, сынақ талаптарына сай құрылған тапсырмалар.

- Кешенді тестілер – көп тапсырмалардан құралған тестілер. Тестінің бұл түрін тест батареялары деп те атайды. Ол бөлшектер мен субтестілерден тұрады. Субтестілер дегеніміз – бір типке жататын, бір нысанды ғана меже етіп алатын тапсырмалар жүйесі. Бұл тесті тестілеудің

үлкен объектілерін қамти алады. Мысалы: тыңдау, оқу және соның негізінде тапсырманы орындау т.б.

Сонымен қатар, бүгінде тест түріндегі бақылаудың келесі түрлері де қолданысқа енген:

- «Автоматтандырылған» - сынақтан өтуші тікелей ЭЕМ –мен байланыста болып, нәтиже бірден өңдеу блогында көрсетіледі.

- «Жартылай автоматтандырылған» - тапсырма бланкалар арқылы орындалып, нәтижесі ЭЕМ-ге енгізіледі, шешімі сол арқылы шығады.

- «Автоматизацияланған» - тапсырма жазбаша түрде орындалып, мұғаліммен тексеріліп, нәтижесі ЭЕМ-ге енгізіледі.

Алдыңғы екеуі бақылауда мұғалімнің жұмысын оңайлатқанымен, тікелей адамның қатысуы арқылы анықталатын мәліметтерден айырады.

### **Тест тапсырмаларының формасы**

Тест тапсырмаларының дұрыс құрылуы оның қалыбына байланысты. Аристотель заманынан бері «қалыпты» – элементтердің ұйымдасу, орналасу ұстанымы деп түсіну бар. И.Кант болса: «қалып дегеніміз – реттеудің ұстанымы» деген пайымдау айтты.

Ал тест тапсырмаларының қалыбы дегеніміз – тест мазмұнының өмір сүруі, ұйымдасуы, реттелуі. Форма, яғни қалып – тапсырмаға құрылымдық тұтастық, анықтық, сыртқы ұйымдасуды береді.

В.С.Аванесовтың (тестолог) сөзімен айтатын болсақ, дәстүрлі сұрақтар мен жауаптардан тұратын тест технологияға сай емес. Нағыз тест тапсырмаларын құру–шығармашылық композицияның нәтижесі, форма мен мазмұнның шебер бірігуі. Жақсы тапсырма жасау үшін педагогиканы шығармашылықпен, өнермен біріктіруді үйрену қажет дер едік.

Тест тапсырмаларына қойылатын талаптар: түсіндірудің логикалық қалыбы, қалыптың дұрыстығы, қысқалық, жауаптарға арналған арнайы орынның болуы, тапсырма элементтерінің дұрыс орналасуы, жауаптарды бағалау ережелерінің бірдейлігі, барлық сыналушылар үшін нұсқаудың бірдейлігі, нұсқаудың тапсырма құрылысына және қалыбына сәйкес келуі.

Соңғы жылдары қоғамдық және әлеуметтік өмірде болып жатқан өзгерістер ағарту саласының алдына көптеген міндеттер қойып отыр. Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін бұрынғы стандарттардан бас тартып, мектептерде бітірушілерге тестілеу жүргізіліп, оқушының білім деңгейі тест бойынша бағаланатын болды. Жалпы тестік әдіс біздің елімізде ғана емес, сонымен бірге шетелдерде оқыту нәтижелерін тексеру, бағалау құралы ретінде жиі қолданыста. Қазіргі кезде республикамызда білім беру мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. Сондықтан да заман талаптарына сай оқушылардың білім сапасын бағалау және бақылауды жетілдіріп отыру ұстаздар, психолог ғалымдар, тіл білімі мамандары үшін іргелі мәселелердің бірі.

### **Әдебиеттер**

1. Дандамаев М.А. Вавилонские писцы. М.: Наука, 1983. 245 с.
2. Аванесов, В. Определение педагогического теста.// Управление школой. – 1999. № 29.
3. З.С Кузеева, Р.С.Фазылова, Е.Қ.Әбдірәсілов. Қазақ тілінен тест әзірлеудің теориялық негіздері. Алматы, 2009. – 153б.
4. Подласый И.П., профессор, доктор педагогических наук, Челябинского государственного педагогического университета, "Тестирование в учебном процессе: его история и возможности"
5. Горчев Ю.А. Объекты, уровни и приёмы контроля // Иностр. языки в школе. – М., 1984 - №6.
6. Турарова Қ.Қ. Қазақ тілі бойынша лингводидактикалық тестілеу: теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2012.